

**Ақмола облысы білім басқармасының
«Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)
дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп
- интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекеме**

БҰЙРЫҚ

Көкшетау қ.

06 қыркүйек 2021 жыл

№ 818

**Тамақтану сапасының мониторингі
жөніндегі бракераждық комиссия құру туралы**

Мектеп-интернат асханасында тамақтану сапасын бақылау мақсатында "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрықтары негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021-2022 оқу жылы оқушылардың сапалы тамақтануын және дайын тамақтардың сапасын мерзімді түрде бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын.
2. Бракераждық комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

Комиссия төрағасы:

Искакова Д.М. – мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

Кайржанова М.Н. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Муханбетова Г.Н. – диетбике;

Курманалина А.С. – интернат меңгерушісі;

Алсева Л.С. – мектеп дәрігері;

Абдыгаппарова Р.К. – ата-аналар комитетінің мүшесі;

Шамгунова Г.А. – ата-аналар комитетінің мүшесі.

3. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу кіреді.

4. Комиссия жұмысының қорытындылары білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде ресімделеді.

5. Бракераж комиссиясының жұмыс мерзімінің ұзақтығы: 2021-2022 оқу жылы толық аяқталғанға дейін.

6. Бракераж журналын жүргізу жауапкершілігі диетбике Г.Муханбетоваға жүктелсін.

3. Бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Д.Искакова

Таныстым:

Кайржанова М.Н.

Муханбетова Г.Н.

Курманалина А.С.

Алеева Л.С.

Абдыгаппарова Р.К.

Шамгунова Г.А.